

«Жұлдыз-ай» Тамды бобекжай-балабақшасы

Тақырыбы:
«Ұстазға-мың алғыс»

Өткізген: Агадиева К.А.
Едигина А.О.

2022-2023 жылы

«Ұстазға –мың алғыс!»

Жүргізуші: Жақсылық атаулыға жаршы жандар,

Жамандық атаулыға қарсы жандар.

Баланы сусындатып өсіруге,

Білімнің бұлақ көзін аршығандар!

Мөлдір бұлақ сылдырлаған суымен,

Ормандарың шулап жатыр нуымен.

Ал баланың тәрбиесін беретін,

Құттықтаймыз, ұстаздар мерекесі күніменен.

Жүргізуші: Армысыздар ардақты ағайын! Бармысыздар құрметті ұстаздар!

Ұстаз қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын

себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегіндегі қадір тұтып құрметтейтін екі ұғым болса, соның бірі - ұстаз.

«Ұстаз» деген сөз қазақ баласы үшін қашан да қасиетті, қадірлі болған.

«Ұстаздан тәрбие алған» немесе «Ұстаз алдын көрген» деген сөздер құлаққа

«Ана тәрбиесін алған» деген сөздермен ұштасып жатады.

Олай болса білім нәрімен сусындатып өмірге қанат қақтырған - ұлағатты ұстаздар мерекесі құтты болсын!

Хор:Ән: «Ұстазым»

«Балбөбек» тобы

Жүргізуші: Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім - тәрбие беру жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт - бағдар беруде ұстаздардың еңбегі зор. Сондықтан ол әрдайым қасиетті тұлға.

Көркем сөз: « Ұстаздарыма арнау өлеңі»

Білімпаз:

Ұстаз болу - жүректің батырлығы,

Ұстаз болу - сезімнің ақындығы.

Ұстаз болу - мінездің күншуағы,

Азбайтұғын адамның алтындығы

Жүргізуші: Ұстаздық – қызық та, бейнеті көп мамандық. Ұстаз – оқушыларды білсем, үйренсем, көрсем деген ұмтылысқа тәрбиелейді. Ұстаз деген есім - аз уақытын аямаған, өзгенің бақытын аялаған, шәкірттеріне үйретуге жалықпаған еңбекқор жанды ойға оралтады.

Би: «Тұлпарым»

Айта берсек ұстазға тіл жетпеген,

Кімге ұстаз білім нәрін төкпеген.

Айтындаршы, адам бар ма өмірде,

Ұстаздарға қарыздар боп өтпеген.

Би «Қуыршақ»

Жүргізуші:

Бізге тәртіп үйреткен

Ән салдырып билеткен

Таныстырған ең алғаш

Әріптер мен суретпен

Тәрбиеші апайымыз.

Жүргізуші: Құрметті ұстаздар сіздерге мықты денсаулық пен баянды бақыт, еңбектеріңізге шығармашылық табыс тілейміз. әрдайым ел игілігі үшін еңбек етіп, егемен еліміздің ертеңі болатын өрелі өренді өсіріп, тәрбиелеп, ұяларыңыздан ұшыра беріңіздер.

Көңіл қойып тыңдағандарыңызға көп - көп рахмет. Келесі кездескенше күн нұрлы болсын ағайын!



Тақырыбы:
«Ұлағатты- ұстазым!»

Тәрбиеші: Абдрахманова М.Х

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Ұлағатты ұстазым!»

Мақсаты: Ұстаздың адам өмірінде алатын орын зор екендігін, ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін балалардың бойына дамыту әрі дарыту.үсініктерін кеңейту. Ұстаздарды құрметтей білуге тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Армысыздар, құрметті ұстаздар, қонақтар!

Бүгінгі «Ұлағатты- ұстазым!» тақырыбында өткізгелі отырған тәрбие сағатына қош келдіңіздер!

Ұстаз деген-жарық күні ғаламның,

Ұстаз деген- анасы ол адамның,

Бүкіл әлем мойындайды еңбегін,

Сен де одан адам болып жаралдың.

Қайырлы күн құрметті ұстаздар!

Бүгінгі күн бәрімізге ерекше күн. Бүгін балалық балдаурен шағымыздың қызықты өтуіне саналы да, білімді азамат болуларына аянбай еңбек етіп келе жатқан –ұлағатты ұстаздар мерекесі.

Мерекелеріңіз құтты болсын ұстаздар!

Білім көшің жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымын кәсіби мерекелеріңізбен құттықтау үшін балабақша менгерушісі Ажигулова Айжан Құдайбергенқызына беріледі.

Ән: «Ұстазым»

Тәрбиеші: Ұстаз-қандай қасиеті сөз. Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым, болса оның бірі-Ұстаз Ендеше қымбатты ұстаздар, балаларымыздың өздеріңізге арналған өлең шумақтарына кезек берейік.

Нұрәли: Ұстазым менің тамаша

Көз тоймайды қараса

Балабақшам сондай керемет

Апайларым жараса

Санжар: Жек көрмейді бір пенде

Тәрбиеші апайды.

Бала түгіл,үлкен де.

Оны апай деп атайды.

Жандарбек: Мұғалім біздің анамыз

Анамызды сыйлаймыз

Айтқан ақыл, білімін

Ықылас пен тыңдаймыз.

Айлин: Келешекке алтын бақ ,

Қосар таудай үлесін.

Жасай берсін жаркылдап,

Ұстаз атты ұлы есім.

Фариза: Естіп кейде қаламын

Тәрбиеші апайды

Қамқоршысы баланың

Деп ауылда атайды.

Нүркелді: Ұлы өмірге жетелеп,
Ашқан білім есігін
Құрметтейік мәпелеп
Ұстаздардың есімін.

Асылай: Ұстаз ана болып ол
Әрқашан да біздерге
Бар балаға берді ол
Қуаныш пен өнеге.

Еламан: Қызық қызық ертегілер
Біздерге оқып береді
Жылауық та тентек те.
Сол апайға көнеді.

Тәрбиеші: Жаксы жандар жанымызда әрқашан
Ұлағатты сөзін биік ұстаған
Ардақты ұстаз асыл анам секілді
Тәрбиелейді балапандай жасыңнан.

Би: «флешмоб» Көп рахмет.

Тәрбиеші: Ұлылықтың ұйытқысынан жаралған
Өнегенің барлық шәкірт нәр алған
Шапағатты шуақ сепк ен ұстаздар,
Өздеріңнен бастау алар бар арман.

Құрметті ұстаздар, қонақтар! Бүгінгі ұстаздар мерекесіне арналған
«Ұлағатты-ұстазым!» атты тәрбие сағатымыз аяқталды.
Көңіл қойып тыңдағандарыңызға көп рахмет!

